



"Орта білімнен кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламалары бойынша мамандар даярлау жүзеге асырылатын мамандықтар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 19 тамыздағы № 347 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 25 қыркүйектегі № 495 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 17 қазанда № 17566 болып тіркелді.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Орта білімнен кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламалары бойынша мамандар даярлау жүзеге асырылатын мамандықтар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 19 тамыздағы № 347 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8731 болып тіркелген, 2013 жылғы 30 қазандағы № 243 (28182) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша кадрларды даярлау жүзеге асырылатын мамандықтар тізбесін бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша кадрларды даярлау жүзеге асырылатын мамандықтар тізбесі бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Орта білімнен кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламалары бойынша мамандар даярлау жүзеге асырылатын мамандықтар тізбесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Техникалық және кәсіптік білім департаменті (Н.Ж. Оспанова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық

актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін ресми жариялау үшін мерзімді басылымдарға жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындаулы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Б.А. Асыловаға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі	Е. Сағадиев
	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 25 қыркүйектегі № 495 бұйрығына қосымша
	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2013 жылғы 19 тамыздағы № 347 бұйрығымен бекітілген

Орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша кадрларды даярлау жүзеге асырылатын мамандықтар тізбесі

Мамандықтың коды	Білім профилі, мамандық атауы
0100000 – Білім беру	
0101000	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту
0102000	Тәрбие жұмысын ұйымдастыру (деңгейлер бойынша)
0103000	Дене тәрбиесі және спорт
0105000	Бастауыш білім беру
0111000	Негізгі орта білім беру
0300000 – Медицина, фармацевтика	
0302000	Медбикелік іс
0500000 – Қызмет көрсету, экономика және басқару	
0513000	Маркетинг

0515000	Менеджмент (қолдану аясы және салалары бойынша)
0516000	Қаржы (салалар бойынша)
0518000	Есеп және аудит (салалар бойынша)
0519000	Экономика (салалар бойынша)
0800000 – Мұнай-газ және химия өндірісі	
0809000	Мұнай және газ кен орындарын пайдалану (бейін бойынша)
0900000 – Энергетика	
0902000	Электрмен қамтамасыз ету
0911000	Электр және электрлі механикалық жабдықтарды техникалық пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу (түрлері бойынша)
0915000	Гидроэнергетика
1000000 – Металлургия және машина жасау	
1014000	Машина жасау технологиясы (түрлері бойынша)
1200000 – Өндіру, құрастыру, пайдалану және жөндеу (салалар бойынша) Көлікті пайдалану	
1201000	Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану
1216000	Элеватор, ұн тартатын, жармалық және құрама жем өндірісі
1219000	Нан пісіру, макарон және кондитерлік өндірісі
1226000	Тамақтандыру кәсіпорындарының өнім өндіру технологиясы және оны ұйымдастыру
1300000 – Байланыс, телекоммуникация және ақпараттық технологиялар. Электрондық техника	
1302000	Автоматтандыру және басқару (бейін бойынша)
1304000	Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)
1305000	Ақпараттық жүйелер
1306000	Радиоэлектроника және байланыс (түрлері бойынша)
1400000 – Құрылыс және коммуналдық шаруашылық	
1401000	Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану
1410000	Автомобиль жолдары мен аэродромдар құрылысы